

ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКА: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КОДТАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ПАРАДИГМАЛАРЫ

*Қоянбекова С.Б.¹, Сатинбекова М.М.², Кубдашева К.Б.³, Нұрмұхаметова Қ.Т.⁴

¹филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1131-8503>

² PhD, аға оқытушы, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: m.satinbekova@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>

³ филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Ғ.Даукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: karget2017@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2310-6217>

⁴ филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: k.nurmukhametova@satbayev.university, <https://orcid.org/0009-0003-2531-5009>

Аңдатпа. Мақала қазақ тіліндегі фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық парадигмалары негізінде ұлттық кодтың ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Мақаланың негізгі мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі ұлттық кодты анықтайтын фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық лингвомәдени сипатын зерттеу, тілдегі экспрессивтіліктің ауызекі сөйлеу тілі және кітаби жазба тілдің салыстырмалы арақатынасын анықтау.

Зерттеу жұмысында шетелдік және отандық ғалымдардың фразеологизмдердегі рухани құндылықтарды дамытуға қатысты тұжырымдарын, негізгі бағыттары мен идеяларын басшылыққа алып, пайымдауларына сүйену, лингвостилистикалық ерекшеліктерді арнайы қарастыру маңызды. Мақалада Р. Сыздықова, Н. Уәли, Ғ. Смағұловалардың еңбектеріндегі экспрессивтік сөз оралымдарының қызметіне лингвостилистикалық талдау жүргізу арқылы нәтижеге қол жеткізілді. Бұл мақаланың ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Ұлттық кодтың негізін құрайтын фразеологиялық бірліктердің тілдік парадигмалар сабақтастығындағы ұлттық-мәдени аспектілерінің ерекшеліктерін талдау, функционалды және экспрессивтік стилистиканың бинарлық бірлігін таныту мақаланың жаңалығы болып табылады. Зерттеудің ғылыми құндылығы мен практикалық маңыздылығы қазақ тіліндегі фразеологизмдердің экспрессивтік қолданысын терең талдауға негіз болып, аталған мәселені түбегейлі зерттеуге ықпал ететін тілдік материалдарды бейімдеу бойынша деректерді жүйелей отырып, тіл қазынасындағы лингвомәдени ақпараттың бейнелі сипатта жеткізілуін қамтамасыз етуінде. Зерттеу әдіснамасының сипаттамасында ғалымдардың дүниетанымдық, гносеологиялық, эмпирикалық, теориялық негіздері, тұжырымдамалық ойлары мен ұстанымдары қолданылды.

Зерттеу нәтижелері әдістемелік көмек ретінде де, лингвостилистиканың мәселелерін анықтауда қызмет ете алады. Себебі қазақ тілінің ұлттық ой-өрісі ғаламдық парадигмалар тұрғысынан талданып, тіл дамытудағы лингвомәдени модельдер ұсынылды. Ұлттық код парадигмаларының акпараттық, когнитивтік, психолингвистикалық мәселелерін қарастыруда бақылау, жинақтау, талдау әдістері қолданылып, зерттеу жұмысының қорытындысы жазылды. Бұл тақырып лингвомәдени стилистика саласы үшін құнды. Өйткені қазіргі кезеңде тілдің қатысымдық қызметінің лингвомәдени тұрғыдан дамуы аса өзекті. Бұған қоғамда орын алып жатқан тілдік жағдаяттағы өзгерістер дәлел.

Зерттеу әдістемесі жүйелі, теориялық талдау, сипаттамалық әдістер мен озық тәжірибелерді пайдалануға негізделген. Мақаланың объектісі – арнаулы курс ретінде жоғары оқу орындарында, лингвотеориялық, лингвоқолданбалық бағыттарда зерттеу жүргізетін ғалымдарға, ЖОО-да оқитын студенттерге, магистранттарға лингвистикалық білім беру үрдісі. Мақаланың зерттеу нысаны ретінде ұлттық кодқа бейімделген қазақ тіліндегі фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикасының негіздері мен тетіктері анықталды. Зерттеу пәні – фразеологиялық бірліктердің тілдік парадигмалар сабақтастығындағы ұлттық-мәдени аспектілерін, ақыл-ой өрісін, гендерлік тіл табиғатымен өзектесіп жатқан ерекшеліктерін талдау.

Тірек сөздер: ұлттық код, фразеологизмдер, экспрессивтік стилистика, парадигма, рухани құндылықтар, эмоция, бағалау, бейнелеу, сөз өрнектері

Негізгі ережелер

Ұлттық төл этникаға бейімделген құндылықтар, лингвомәдени танымдық мүдделер, отансүйгіштік сезімнен басталатын ұлттық тіл, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық діл мақсат-мұраттарын сипаттайтын ұлттық кодтың қазіргі жаһандану кезеңіндегі өзектілігі бұрынғыдан да кеңейіп, тың парадигмалар тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Сондықтан, ұлттық тіліміздегі құнарлы ойларға негізделген құнарлы сөз оралымдары, даналық-шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қазақ халқының рухани генезисін, тілін, ділін, тарихи жадына бейімделген тұтас болмысын танытатын ұлттық кодтың тылсым қырларын ашып, түсіндіру өркениеттер тоғысындағы мәдени-тілдік зерттеулердің басым бағыттарының бірі. Осыған орай, ел Президенті Қ. Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайда жасаған тұжырымын негізге алуға болады. Аталған салиқалы тұжырымда тіл – ұлттың жаны ретінде түсіндіріліп, тың идеялардың ұлт бірлігін нығайтудағы мәселелерді айқындап, ұлттық қағидаттарды қатаң ұстанып, төл тарихымызды үлгі етіп, насихаттау ұсынылған. Ұлттық тіліміздің жарқын болашағының зор екенін айта келіп, қазақ тілін ғылым және техника мен бизнес саласында жүйелі қолдану қажеттігіне тереңінен зерттеу міндеті ұсынылған. Бұл тұжырым зерттеуші ғалымдар Б. Аташ пен Л. Асқардың ұлттық код туралы мақаласындағы пікірлерімен астасып, ұлттық код ұғымы: тылсымдық пен құпиялылықты ұштастыратын сакральды феноменмен үндестіріліп, әрбір халық пен ұлттың, этностың дара қасиеттерінен туындайтын монадо, ұлттық рухани-мәдени субстансасы, ұлттық идея мен сананың субстраты, базисі әрі ядросы деген ұстанымға негізделіп, философиялық-терминологиялық-герменевтикалық-семантикалық талдаулармен жүйеленген. Аталған зерделі пікірге сүйенсек, уақыт және кеңістік арасындағы халықтың біртұтас сипатының негізі – ұлттық код. Сондықтан, ұлттық кодқа негізделген тіліміздегі фразеологизмдердің ішкі

құрылымдары мен жүйелері көпдеңгейлі тармақ ретінде бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Аталған мәселені ұлттың тарихи жады тіл, діл, дін, тарих, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр когнитивтік тұрғыдан зерделеп, антропоцентристік тұрғыдан қарастырсақ, адамзаттың тұла бойындағы толғанысын, көңіл-күйін, сезімін, эмоциясын жеткізудің негізгі құралы ретінде пайымдау маңызды.

Фразеологизмнің тұрақты сөз тіркесі екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалады, ауыспалы, бейнелі мағынаны білдіретінін де осы себептер айқындайды. Аталған мәселені қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының лингвомәдени парадигмалар тұрғысынан қарастырсақ, лингвотанымдық теория, тіл, ойлау, сана, форма және мазмұнның, қоғамдағы тілдік тұрпаты, логиканың ойлау жүйесіне тікелей қатысты лингвотеориялық тұжырымдар экспрессивтік мағынамен тікелей сабақтастырылуы өзектілік танытады. Жалпы экспрессивтілік ұғымы тілдегі бейнелеу және бағалаушылық құралдардың айқындылығымен анықталып, ақпарат жеткізушінің сезім-күй әрекеттерінің әсерлі, көркем жеткізілуіндегі сөз өрнектерінің ұтымдылықпен берілуі болып табылатыны осы саланы зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде орын алған. Ғылыми еңбектерде фразеологизмдердің мазмұндық сипатына тіркес тұрақтылығы, мағына тұтастығы, қолдану тиянақтылығы тән екені анықталған.

Кіріспе

Ұлттық төл тарихымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілімізді кластерлік бәсекелестікте синергетикалық тұрғыдан зерттеп, инновациялық заманауи парадигмаларда салыстыра қарастыру, нәтижелерін білім беру траекториясына енгізу өзектілік танытады. Сондықтан зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы білім алушыларға ұлттық тіліміздегі ақыл-ой өрісіне негізделген құнарлы сөз оралымдары, даналық-шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қазақ халқының рухани генезисін, тілін, ділін, тарихи жадына бейімделген тұтас болмысын танытатын ұлттық кодтың тылсым қырларын ашып, түсіндіру болып табылады. Өркениеттер тоғысындағы лингвомәдени танымдық зерттеулердің басым бағыттарының бірі – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану бағыттарын салыстырмалы түрде әлемдік тәжірибелер негізінде жүйелі зерттеу қажеттілігі туындайды. Тілдің шынайы мүмкіндігі сөз әлеуеті әрекетінде жан-жақты қырларынан ашылатындықтан экспрессивті стилистика сөздегі мүмкіндіктерді арнайы зерттеуге негізделеді. Осы бағыттағы іргелі зерттеулер Л.В.Щерба, В.Матезиус, Л.М.Васильев, Е.М.Галкина-Федорук сынды шетел ғалымдарының еңбектерінде талданса, отандық А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, Қ.Жаманбаева, О.Бүркітов, Г.Қосымова және т.б. зерттеушілердің пайымдаулары ғылыми мақаланы жазуға негіз болды. Заманауи сұраныстардағы тіл саясатының басым бағыттарын жүзеге асыру тілдік жағдаятты қалыптастыруға бейімделеді. Себебі, жаһандану үрдісіндегі модернизациялық талаптардың қарқындылығы, ұлттық тілдерді инновациялық парадигмаларда зерттеу қажеттігін талап етеді. Ғылым мен

техника басым қолданыс аясын кеңейту және ғылыми прогрестің үздік жетістіктеріне бейімделуде лингвистиканың нәтижелі тәжірибелерін енгізумен сабақтастырылады.

Осыған орай, уақыт және кеңістік арасындағы халықтың біртұтас болмыс сипатының негізін құрайтын ұлттық код аясындағы фразеологизмдер ғасырлар бойы қалыптасқан, жинақталған ақыл-ой өрісінің сөздік қорының асыл қазынасы, өлшемі бола алады. Мақалада фразеологизмдердің тұрақты сөз тіркесі ретіндегі экспрессивтік стилистикалық әлеуеті, ұлттық бояудағы өткірлік сипат дүниетаным және ділмен байланыстыра талдау бейнелі мағынаны білдіретіні анықталады. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының лингвомәдени парадигмалар тұрғысынан қарастырсақ, танымдық теорияның тетіктерін, инновациялық тұрғыдан сараптап, анықталған тың тұжырымдардың экспрессивтік мағынамен тікелей сабақтастырылатыны арнайы зерделенуі тиіс.

Әсіресе, тілдік қолданыстағы логикалық құрылымы жүйесіз сөз тіркестерінің ойды білдірудегі кері әсері айтылатын ойды әлсіретіп, экспрессивтік мағынаны беруде уәжсіз сөз қолданыстарын тудырады. Фразеологиялық тіркестерді ұтымды қолдана білу, ой өрнегін түрлендіріп, ұтымды қолдану, ұлттық тіліміздегі тіл байлығын заманауи парадигмада салыстыру маңызды. Сондықтан фразеологизмдерді қолдануда перифрастикалық тіркестерді жиі қолданып, жаңа тіркестер жасаудағы фразеологизмдердің тұлғалық-құрылымдық түрлерін талдау жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қазақ ұлттық әдеби, көркем тілінің кемелденіп жетілген, шынайы табиғаты қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік қолданыс кеңістігіндегі тілдік жағдаяттағы көрінісін анықтап бере алады. Мұның дәлелі – мақаланың зерттеу нысанына айналып отырған қазақ тіл біліміндегі лингвотеориялық және лингвоқолданбалық ғылым салаларындағы ұлттық код аясын қамтитын қазақ тіліндегі фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық парадигмаларын зерттеу мәселесі белгілі ғалым І.Кеңесбаевтың еңбектерінен бастау алады. Ғылыми зерттеулерде фразеологиялық бірліктердің қолданылуы, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық тұрғыдан сабақтастықта зерттелген. Тұрақты тіркестердің мағыналары, сипаттары, қолданыста жүйеленуі, екі және көптілді аудармаларына арналған көптеген зерттеу жұмыстары бар. Тіліміздегі фразеологизмдер құрамы мағыналық құрылымы, сапасы жағынан құнарлы, бай болып келеді. Тілдің даму процесінде үздіксіз толысып отыратын фразеологиялық парадигмалардың ұлттық-мәдени, тарихи қалыптасуы және даму үрдісінің тілдегі тәжірибесін тұжырымдайтыны лингвист ғалым Н.Уәлиұлының зерттеу еңбектерінде талданып, тілдік бірліктердің семантикалық құрылымы, лексикалық, грамматикалық айырмашылықтары жүйелі сарапталып, фразеологиялық парадигмалардың экспрессивтік стилистикалық реңкі, тіл нормасы, эстетикалық табиғаты анықталған.

Аталған зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, мақалада фразеологиялық парадигмалардың бейнелеуіш, бағалауыштық стильдік қызметі, функционалдық стильдік ұштасудағы тармақтарға жіктелуі, фразеологизмдердің мәнерлеу қызметі мен стилистикалық мәні, бояулары, әртүрлі контекстеріндегі сөйлесім, айтылым, жазылым, тыңдалымдағы қолданысы қарастырылады. Фразеологиялық бірліктердің сөз жасалымдағы коммуникативтік ережелері, көркемдік сипат беретін эмоционалды-экспрессивтік мағыналардың берілуі және т.б. зерделенеді. Фразеологизмнің стилистикалық көрінісі, тіліміздегі тұрақты қалыптасқан сөз тіркестерінің сапалық белгілерін, мәнерлеу-бейнелегіштік қасиеттерін, әлеуметтік қарым-қатынас саласындағы қолданысын зерттейді.

Дербес авторлардың тілдік қолданысындағы фразеологизмдердің жекелеген стильдік мәнері фразеологиялық парадигмаларды жаңа қырынан қарастырудағы маңызды мәселе. Өйткені экспрессивтік стилистика саласында фразеологизмдерді экспрессивтілік, сондай-ақ олардың экспрессивтілікті тудырудағы ерекшелік тұрғысынан қарастырады. Экспрессивтілік мәселесі фразеологизмдерге қатысты басты жеткізуші құралдардың қатарындағы табиғи сапа яғни, экспрессияға бейімделген стильдік реңк, бояуына байланысты ерекшелену белгісімен анықталатыны қарастырылады.

Мысалы:

1. Ғалия «Сұлу сырдың суын жұлығынан келтірмеді», алайда ойланбасқа болмас [6, 17 б.].

2. Игілік би ақындарды ұзын арқан, кең тұсау арқылы жанынан ұзатпастан, өрелеп отыр [7, 37 б.].

3. Елі, жері бай екен. Жүз мыңдаған қой, түйе, иттің құлы итақайда өріп жүр дейді [8, 43 б.].

4. Жүрегі су етіп, белгісіз сан сезім лебі шарпып өтті [6, 19 б.].

Талдау барысында берілген парадигмалардағы фразеологиялық тіркестердің экспрессивті берілу мағыналары біркелкі еместігі байқалады. Бастапқы екі сөйлем мағынасында фразеологизмдер адамға байланысты мінез-құлықты сипаттап тұрса, үшінші сөйлемде автордың бағалауы басымырақ. Төртінші сөйлемде тұлғаның белгілі бір эмоционалдық психологиялық сезімін нақты бейнелеп, ойдың жеткізілуін әсерлеп тұр. Сондай-ақ, экспрессивтік фразеологиялық парадигмаларда тұрақты сөз тіркестерінің қуану, ашу-шақыру, кекетіп-мұқату, мысқылдап-сынау, сынап-мінеу, жақсы көру - жек көру, ренжу-көңілдену т.б. іс-әрекеттерді бейнелеп, әртүрлі көңіл-күй толғаныстарын жеткізудегі экспрессивтік мағына нақты ашылғанын байқауға болады. Ұлттық тіл қазынасындағы сөз орамдары сөйлемде кез келген ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар бейнелі сипаттайды. Бұл талдау арқылы фразеологизмдердің тілдегі атқаратын басты қызметі бейнелеуіштік-экспрессивтік қызметін көрсетеді. Байқап отырғанымыздай, фразеологиялық парадигмалардың әртүрлі эмоционалдық реңкке боялып, экспрессивтік мағынаны үстейтінін, сондай-ақ стилистикалық құрал функциясының жоғары атқарылу мүмкіншілігін көрсетеді. Дәстүрлі классикалық шығармаларға жүгінсек, мазмұн тұтастығындағы

фразеологизмдер берілетін ұғымға денотаттық және коннотаттық мағына беріп, реңк үстейді. Мысалы, жеткізуші бірліктер қатарында: “қуанды - төбесі көкке жетті”; “шошыды - төбе шашы тік тұрды”; “қорқақ-су жүрек, қамқор болу – көз қырын салу” т.б. атауға болады.

Фразеологизмдер берілетін ұғымды бейнелеу арқылы адамның ой-санасында қалыптастырып, жеткізудің таптырмайтын құралы екеніне көз жеткіздік. Талдау барысында анықтағандай, тіліміздегі фразеологизмдер қызметінің екі түрін жекелеп көрсетуге болатыны анықталды:

- Заттардың немесе құбылыстың атауын білдіруі және тиянақты ойды білдіріп, ақпарат алмасу құралы қызметін атқару;

- Бейнелі, мәнерлі реңкті білдіру, тілдегі эмоционалдылық пен экспрессивтік қызметті іске асыру.

Фразеологизмдердің табиғатында кездесетін екі қызмет өзара сабақтастықта ұштасып қолданылғанымен, жалпы экспрессивтік стилистика саласында соңғы қызметті атқаруы зерттеу нысанының негізгісі болып табылады. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, экспрессивтік стилистика қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық сипатын зерделеуде тілдік сапа-белгілердің негізге алынуы қажет екенін көрсетеді. Мақала мазмұндағы зерттеу негізінде тілдік деректер мен ғылыми тұжырымдар диахрондық тұрғыдан тарихи-салыстырмалы, синхрондық тұрғыдан салғастырмалы, сипаттау, жүйелеу және т.б. әдістер қолданылды.

Талқылау

Қазақ ұлттық тілінің фразеологиялық жүйесінде лексикалық бірлік ретіндегі негізгі тілдік белгілерді жіктеуге болады. Мысалы:

- Біріншіден, дайын фразеологизмдер қолданылу белгісі бойынша ерекшеленеді.

- Екіншіден, мағына тұтастығының орын алуы.

- Үшіншіден, тіркестердің, сөз орамдарының тиянақты сипатқа ие болуы.

Бұл белгілер фразеологизмдердің өз алдына жеке, дербес лингвистикалық сала екенін анықтауда басшылыққа алынған. Заманауи кезеңде қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық парадигмалардың құрамы және құрылысы, мағыналық айырмашылықтары бойынша жіктелісі, жасалу жолдары және сатылай даму заңдылықтары тұрғысынан зерттеліп, тұжырымдалды. Фразеологизмдерге қатысты экспрессивтілік сөйлеу барысында ұғымды жеткізуші фактуалды және экспрессивтік қасиет, сапа ретінде лексикологиялық мәселелер қарастырылды.

Жалпы қазақ тілінің стилистикасында фразеологизмдердің экспрессивтік стилистикалық қызметін анықтауда олардың төмендегідей тілдік белгілері негізге алынған:

- Қалыптасқан дайын тілдік бірлік ретінде жұмсалуды.

- Қолданылу заңдылығы бойынша жалпыға бірдей танымалдылығы.

- Мағыналық бірліктерінің сақталуды.

- Құралуды екі сөзден кем болмауды .

Тілдегі фразеологизмдердің экспрессивтік стильдік сапасына байланысты шоғырлануы бейтарап және сөйлеу тілі, сондай-ақ кітаби сипатты білдіретін фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері мен құрамы және т.б. фразеологизмдерді сөйлеуде қолданудың стилистикалық тәсілдері, жолдары қазақ тілі стилистикасында жүйелі анықталған. Орыс тіл білімін зерттеушілердің еңбектерінде талданғандай, фразеологизмдерді топқа бөлудің бірнеше жолдары ұсынылған. Лингвист А.И. Ефимов фразеологизмдерді қалыптасуы мен қызметіне байланысты ертегілік түрлер, фольклор жанрындағы архаизмдер, қарапайым ойды жеткізудегі фразеологизмдер, халықтық мақалдар деп топтастырады. Ал А.Н. Гвоздев жүйеленген топтастыру ішіне кітаби фразеологиядағы идиомдарды, шешендік, публицистикалық, тұрмыстық-әдеби идиоматикаларды енгізеді. Зерттеуші Н.М. Шанский фразеологизмдердің нөлдік қалпын, еркелету мен дөрекі, мазақтау және жек көру, тұрпайылық, поэтикалық деген тұжырымдар жасайды.

Пайымдауларға жүгінсек, қазақ тілі стилистикасында осы негізге сүйене отырып, фразеологизмдер стильаралық, яғни бейтарап сөйлеу тілі, тұрмыстық және кітаби деп үшке бөлінген. Аталған фразеологизмдердің түрлерінің экспрессивтік стилистикалық парадигмалары қазіргі зерттеулердің нысанына айналған. Осы саланы арнайы зерттеуші ғалым Г. Смағұлованың талдауында қазақ тілі ғылымындағы фразеологизмдердің стильдік оралымдары сатылай байланысы бойынша бес түрге бөлінген:

- Кітаби (фразеологиялық сипаттың жоғары болуы).
- Бейтарап (жоғары стильдік сипаттың болуы).
- Ауызекі сөйлеу (стильдік бояуы төмендеу).
- Қарапайым сөйлеу (стильдік бояуы орташа).
- Дөрекі сөйлеу (стильдік бояуы төмен).

Аталған пікірлерге сүйенсек, бұл мәселе қоғамда өмір сүріп жатқан кешенді дамыған тілдерге тән құбылыс. Сондықтан, ақпарат алмасуда сөйлеуші сөзді қолданудың нормасын ұстанады. Г.Смағұлованың ғылыми зерттеулерінде фразеологизмдердің функционалдық сипатында стильдік мағыналары: мағынасынан, эмоционалдығынан, экспрессивтілігінен, образдылық және бағалауыштық сапаларынан туындайтынын пайымдайды.

Фразеологизмдердің сөзден басты айырмашылығы олардың экспрессивтік функциясында, ақпарат арқылы сөйлеушінің ынтасы мен ниетін, яғни интенциясын жеткізуінде байқалады. Бұл тілдік сананың бағалауыштық, уәждемелік, сондай-ақ көңіл-күй іс-әрекетінің куммулятивтік көрінісін айқындайды және кең ауқымда қарастыруды қажет етеді. Экспрессивтік стилистикалық аяда тілдегі ең басты өнімді жұмсалатын тілдік бірліктер фразеологиялық парадигмалардың куммулятивтік қызметі ерекше маңызды болып табылады.

Осыған орай, жекелеген авторлардың шығармашылығында бұл құбылыс жиі өзгеріске ұшырауы мүмкін. Оның нақты көрінісін Абай шығармаларынан көре аламыз. Тіл тарихында қалыптасқан ұлттық тілдегі фразеологиялық парадигмалар қабатын құрайтын экспрессивтілік құбылысын кеңінен

пайдалану, шығармашылықтың креативтілігін арттырып, поэтикалық экспрессияны туындататын мүмкіншіліктің жоғары екенін көрсететіні дәлелденген пікір.

Абай шығармаларындағы фразеологизмдердің ерекшеліктері

Ғалым Р.Сыздықтың пайымдауынша, поэтикалық тіркес құру, образ жасау өте күрделі. Мысалы, “өмір сүру”, “өмір кешу” қалыпты тіркестер болғанымен, осылар Абай қолданған “өмір тонын кию”, “өмірдің өріне шығу” сияқты тіркестерінің эмоциялық әсерін, образдылығын бере алмайды. Сондықтан ақын фразеологизмдердің бейнелеу сипатын дамытқанда, тыңнан жол салып, бұрынғы қолданыстағы мағынаны құбылту қызметін атқарды. Абай қолданысындағы фразеологиялық парадигмалар («бойды ұрлау», «ғылым бағу», «ақыл табу» т.б.) оның ұшқыр ойынан туындаған соны образды тіркестер ұлттық кодтың қайнар көзі.

Фразеологизмдердің функционалдық стильдері

Зерттеу негізінде анықталғандай тілдегі түрлі функционалдық стильдерде фразеологизмдер қолданылып, нақты стилистикалық реңк-бояуға ие болады. Тіліміздегі фразеологизмдер анағұрлым мағыналас бай қабатты ауызекі сөйлеу тілін қамтиды. Мысалы: “сойып қаптап қойғандай”, “ағынан жарылу”, “тілі қышу”, “сай сүйегі сырқырау”, “ет жүрегі елжіреу”, “тамағын жырту” т.б. Берілген тұрақты тіркестер көркем шығармалар мен айтылым, сөйлесім түрлерінде жиі қолданылып, экспрессивтік стилистикалық мақсатты айқындайды деп тұжырымдаймыз. Сөйлеу тіліндегі парадигмалар қатарына қарапайым, дөрекі сөздер, кәсіби фразеологизмдер енеді.

Кітаби тілдегі фразеологизмдер ғылыми (пайымдалған, зерттеу нәтижесі т.б.), публицистикалық (тікелей байланыс, торқалы той т.б.), ресми іс қағаздар стилінде (өтініш білдіру, кезектен тыс т.б.) жазылым, тілдесім түрінде қолданылады.

Кітаби және ауызекі сөйлеу тіліндегі бейтарап фразеологизмдер стилистикалық мағынасы тұрғысынан шектелмеген, тілдік қолданыстардың салаларында кешенді қолданылады. Тіл біліміндегі фразеологиялық парадигмаларды тұтас алғанда екі топқа бөлуге болады. Олар: эмоционалды-экспрессивті және эмоционалды-экспрессивті емес. Мәселен, эмоционалды-экспрессивтік фразеологиялық парадигмалардың ұлттық сипаты ерекше бейнелі, бағалауыштық сипаты жоғары болып келеді. Ал ауызекі сөйлеудегі фразеологизмдерде жақсы көру, кекету, ирония, жек көру реңктері тән. Мысалы: кеудесіне нан пісу, тақырға отырғызу, басына пәле болу, көз қырына салмау, суқаны сүймеу т.б. болса, кітаби фразеологизмдерге көтеріңкі, салтанатты мәнер (мәңгілік көз жұму, қанатын қомдау т.б.) жатады.

Эмоционалды-экспрессивтілік сипаттағы фразеологизмдер

Зерттеу барысында анықталғандай, эмоционалды-экспрессивтілік сипатқа ие бола алмайтын бейтарап фразеологизмдерге тек атауыштық қызмет тән. Олар бағалауыштық, мәнерлегіштік мағыналарын бермейтін (жұмыс тәртібі, үкім кесу, құнды қағаздар т.б.). Қазіргі қазақ тіліндегі жиі қолданылатын фразеологизмдердің экспрессивтік сипатында адамның басты

көңіл-күй әрекеті, ұлттық мінез-құлық сипатталатын психологиялық жағдайлар негізге алынады. Мысалы:

Іс-қимылды көрсететін әрекеттер: “бармағын тістеу (шайнау)”.

Адам ашуланғанда өзіне-өзі ие бола алмай қалған кезде байқалатын тез арадағы құбылыс: “арқасын аяз қарығандай болу”, “аяқ қолы қалтырау (дірілдеу)”, “көзі бұлдырау (қарауыту)”, “басы айналу”, “құлап қала жаздау”.

Экспрессивтілік тудыратын құбылыстардың күтпеген жерден орын алуына байланысты ішкі ағзалар қызметіндегі өзгерістер: “тілі күрмелеу (байлану)”, “тамағына тыс тығылғандай болу”, “өкпесі аузына тығылу”, “жүрегі май ішкендей кілкілдеу (айну)”.

Қатты толқыған кездегі жедел өзгерістер: “төбе шашы тік тұру”, “өң жоқ, түс жоқ”, “өксемі қарс айрылу”, “қаны басына шабу”.

Фразеологизмдер тіл мен психологияның синергетикалық байланысын көрсететін маңызды тілдік құбылыс болып табылады. Олар адамның әртүрлі көңіл-күйі мен толғаныстарын, ішкі сезімдерін бейнелейтін күрделі психологиялық күй ретінде қызмет етеді. Лингвопсихологияда эмоциялардың тұлғаның іс-әрекетін басқарудағы рөлі айқын көрінеді, ал тілдік құралдар осы эмоцияларды жеткізуде негізгі рөл атқарады. Фразеологизмдер ұлттық мәдениетті және дүниетанымды бейнелейтін ұлттық кодтың бөлігі ретінде қызмет етеді. Олар ұлттың мінез-құлқын, құндылықтарын және дүниетанымын көрсетеді, сондықтан фразеологизмдердің маңыздылығы олардың ұлтты танытатын, мәдениетті жалғастыратын қызметінде жатыр. Ұлы Абайдың шығармаларындағы фразеологизмдер қазақтың ұлттық дүниетанымының, мәдениетінің және құндылықтар жүйесінің нақты көрінісі болып табылады. Бұл фразеологизмдер тілдің байлығын және қазақ мәдениетін танытатын маңызды құрал болып табылады, олар ұлттық кодтың іргетасын қалайды. Сондықтан фразеологизмдерді ұтымды қолдану және зерттеу қазақ тілінің дамуы мен оның мәдени мұрасын сақтау үшін маңызды.

Ұлы Абайдың шығармаларындағы фразеологизмдер арқылы қазақтың ұлттық дүниетанымы, мәдениеті және құндылықтар жүйесі айқын көрінеді. Бұл фразеологизмдер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын бейнелейді, ұлттық кодтың негізін қалайды. Абайдың шығармаларындағы тұрақты тіркестер ұлттың мәдениетінің және тілінің ажырамас бөлігі болып табылады, олар ұлттың ерекшелігін, құндылықтарын және дәстүрлерін жеткізеді.

С.Сатенова сияқты зерттеушілер қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеу барысында оларды тұрақты, образды сөз оралымдары ретінде сипаттап, сөз өрнектері мен ұйқастарды, сатылай үйлесімділік пен әуезділікті қолданудағы ерекшеліктерді анықтаған. Бұл зерттеулер ұлттық тілдің әлемдік аренада өз орнын табуына мүмкіндік береді. Фразеологиялық парадигмалардың бай қорын тиімді пайдалану қазіргі жаһандық экономикалық және технологиялық өзгерістер жағдайында тілдің өзіндік табиғатын сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа мәдени мұраны жеткізу үшін маңызды.

Осы орайда, қазақ тілінің ұлттық ой-өрісін ғаламдық парадигмалар тұрғысынан зерттеу, нәтижелерін ұлттық тілімізді дамытудағы лингвотеориялық зерттеулерге енгізу өзіндік мәнге ие.

Нәтижелер

Функционалды стилистикада әлі де жалпы ұлттық тілдің тереңнен зерттелуі маңыздылық танытады. Сондықтан аталған мақала мазмұнында талқыланған мәселелер нәтижесі болашақ зерттеулердің кеңеюіне мүмкіндік береді. Ол үшін қазақ тіліндегі экспрессивтік стилистикадағы фразеологизмдердің ұлттық лингвомәдени ерекшеліктерін, мәртебесін анықтау қажет болады.

Ұлттық тілге қатысты түйінді мәселелердің шешімін табу сұраныстары лингвотеориялық еңбектердің зерттеу нысанын кеңейтіп, қазіргі қазақ тілі стилистикасының басым бағыттарындағы міндеттерді айқындайды. Себебі, лингвостилистиканың ұлттық мәдениеттегі коммуникативтік қызметін анықтау көптеген ғалымдардың пайымдауларында жан-жақты қарастырылуда. Тұжырымдардың, пікірлердің бір-бірімен астасуы қарама-қайшы пікірлердің туындауындағы теориялық мәселелердің әлі де жүйелі қарастыралатынын көрсетеді.

Мақалада заманауи кезеңдегі қазақтың ұлттық кодының негізін құрайтын фразеологизмдердің сипаты, өмір салтын айқындайтын белгілері теориялық тұрғыдан жүйеленіп, қолданбалық маңызы анықталды. Мұнда, тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың құндылығы, жоғары бағаланатын қасиеттері мен өміршеңдігі тұжырымдалған модельдермен ұсынылды. Атап айтқанда:

- Кітаби - фразеологиялық сипаттың басымдығы;
- Бейтарап - стильдік сипаттың жүйелігі;
- Ауызекі сөйлеу - стильдік бояудың күшеюі;
- Қарапайым сөйлеу - стильдік бояудың қалыптлығы;
- Дөрекі сөйлеу - стильдік бояудың төмендігі мысалдармен дәйектелді.

Коммуникативтік қарым-қатынастағы кодталған жағдайда қолданылатын функционалды стильдердің көбінесе ауызша, жазбаша мәдениеттер диалогындағы парадигмалар нәтижесі жүзеге асырылды. Мұндағы экспрессивтілік қызмет ұлттық тіліміздегі тілдің әртүрлі функционалды реңктердегі материалдармен дәйектелетіні зерттеу нәтижесінде ескерілді. Дамыған әдеби тілдерде экспрессивтік стилистика қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық кодтағы лингвомәдени парадигмаларға тән сипаттары салыстырмалы түрде мәдени сабақтастық негізінде зерделенді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерге арналған зерттеулердің негізін құрайтын ғылыми еңбектер белгілі ғалымдар Ә.Қайдаров, Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, М.Балақаев, Ө.Айтбаев, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, Г.Қосымова, С.Сатенова, Б.Қасым, М.Атабаева және т.б. еңбектеріне сүйене отырып, фразеологизмдердің ұлттық код контекстіндегі қызметі мен мағынасы жіктелді. Мәдени ұлттық танымдық ерекшеліктердің тарихпен, әлеуметтік мәселелермен ұштасуы тек тіл арқылы танылатыны мақала мазмұнында көрініс тапты. Ұлттың бүкіл өмірін қамтитын фразеологиялық

тіркестердің ұлттық құндылықтарды бейнелейтін мысалдары сансыз көп. Олардың барлығында делік қазақ ұлтына тән ғана қасиеттерді тұрақты қолдану нәтижесі тілдік құралдардың белгілі стилистикалық экспрессиялық мәнге бояуға ие болатынын, кейіннен тұрақтылық сипат алады. Қазақ мәдениетіндегі көшпелі халықтың жүріп өткен жолы дүниетанымы, ойлау жүйесі, рухани байлық тұрмыс салты, дәстүрімен бірге танылатын сөз өнерінің қырлары кеңінен ашыла түсуде. Бұл тіл біліміндегі ғылыми бағыттардың жанданып, жаңа бағыттардың ашылуына үлес қосады. Ғылыми мақаладағы негізгі нәтиже тіліміздегі сөздер мен қолданыстағы ұғымдардың экспрессивтілік функциясын, бүкіл дүниетанымдағы ауқымды көрсеткіші бола алатынын пайымдадық.

Қорытынды

Тіл ойды жеткізудің басты құралы болуымен қатар, рухани құндылықтарымызды танып білудің яғни ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде сараланытыны қарастырылды. Адамзаттың ой санасында танылған әлемдік бейне, болмыстық ұғымдар, фразеологиялық парадигмаларда тұрақталытыны экспрессивтік белгілерімен тоғысады. Сондықтан, оның ұлттық санамен тығыз сабақтастығы ұлттық тілді зерттеуші ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық тұжырымдармен пайымдалып, мақала мазмұнында лингвоқолданбалық сипаттары анықталды. Төл мәдениетті қалыптастыратын ұлттық тілдің ауызша және жазба түрдегі ұлттық қарым-қатынас қызметін атқаратын әлеуметтік тарихи категория ретіндегі орны жүйеленуі нақты мысалдармен дәйектелді.

Зерттеу еңбектерде анықталғандай, өмірдегі түрлі құбылыстарды жинақтап, ықшамдап жеткізетін фразеологизмдердің бейнелі поэтикалық жанрлық сипаты, мәдени ұлттық факторларды баяндаудағы тілдік қордың байлығы, өрнекті сөздер табиғаты экспрессивтілік образды қабылдауымен сабақтастырылды.

Қорыта айтқанда, ұлттық тіліміздегі ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениеттің әлемдік өркениеттер диалогындағы танылу мәселесі, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің табиғаты жан-жақты талданды. Ұлттық кодтың экспрессивтік әлеуеті, ұлтқа тән төлтума куммулятивтік қызметі, ұлттық тілге тән ерекшелігі ретінде анықталды. Бұл ұлтымыздың менталитетін танытуда философиялық, психологиялық байланыстары синергетика ғылымымен ұштасатыны анықталып, сөз мәдениетіне әсері көрсетілді. Алынған нәтижелерде ұлттық кодтың мәдениет түсінігімен үндесуі, ұлттық құндылық жүйесімен өзектесу арналары арнайы қарастырылды. Бұл зерттеу тіліміздің теориялық практикалық және қолданбалық бағыттарын дамытуға негіз бола алады. Қазақтың ұлттық фразеологизмдеріндегі сөз өнеріне тән парадигмалар моделі ұсынылды.

Мәдени ұлттық құндылықтарды бейнелейтін шексіз тілдік қолданыстардағы сөздің бейнелік бедерлері мақалада кіріктіріліп, даму барысындағы табиғи сипаттарына қолжеткізілді.

Фразеологизмдердегі экспрессивтіліктің когнитивтік, психологичестикалық, семантикалық, куммулятивтік қызметі ұлт болмысының табиғатына тән ерекшелігі ретінде анықталды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН АР 23489363 «Цифрлық технология: қазақ тілі экспрессивтік стилистикасын пәнаралық консолидациялау және интеграциялық оқытуды синергетикалық модельдеудің web-платформасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] 2023 жылы 19 маусымда ҚР Президентінің «Ұлттық Құрылтайда» сөйлеген сөзі. – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyndy-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458>].

[2] Асқар Л., Аташ Б. Ұлттық код деген не? – 2018. – 18 мамыр. – 6 б. – URL: <https://osken-onir.kz/kogam/2949-ltty-kod-degen-ne.html>].

[3] Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистиканың негіздері: филол.ғыл.докт...дис.автореферат. – Алматы, 2008. – 44 бет.

[4] Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 540 б.

[5] Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Ғылым, 1998. – 64 б.

[6] Жүсіпбек Аймауытов. Күнекейдің жазығы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. 3: – 384 б.

[7] Ғабит Мүсірепов. Оянған өлке. – Алматы, 1953. – 502 б.

[8] Сәбит Мұқанов. Балуан Шолақ шығармалары. – Алматы: «Рух БГ» баспасы, 2014. – 320 б.

[9] Ефимов А.И. Стилистика художественной речи. – Уфа: Уч.Зап.БГУ, 1961. – №9. – 252с.

[10] Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. – Москва: Прогресс, 1965. – 20с.

[11] Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – Москва: Наука, 1985. – 24с.

[12] Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Атамұра, 1998. – 194 б.

[13] Сыздық Р. Абай және қазақ ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

[14] Сатенова С.Қ. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты: филол.ғыл.докт...дис. – Алматы: ҚазҰПУ, 2022. – 54 б.

REFERENCES

[1] 2023 zhy'ly` 19 mausy`mda ҚР Президентинин «Ultty`k Kury`ltajda» sojlegen sozi (Speech of the President of the Republic of Kazakhstan at the "National Kurultai" on June 19, 2023). – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaidyndy-i-otyrysynda-soylegen-sozi-165458>] [in Kaz.]

[2] Аққар L., Atash B. Ultty`k kod degen ne? (What is the national code?). – 2018. – 18 мамы`r. – 6 b. – URL: <https://osken-onir.kz/kogam/2949-ltty-kod-degen-ne.html>]. [in Kaz.]

[3] Koyanbekova S.B. Kazak tili e`kspressivtik stilistikany`n negizderi (Kazakh language fundamentals of expressive stylistics): filol.gy`l.dokt...dis.avtoreferat. – Almaty, 2008 – 44 b. [in Kaz.]

- [4] Kenesbaev I. Kazak tilinin frazeologiyaly`k sozdigi (Phraseological dictionary of the Kazakh language). – Almaty: Gy`ly`m, 1977. – 540 b. [in Kaz.]
- [5] Ualiev N. Frazeologiya zhane tildik norma (Phraseology and language norm). – Almaty: Gy`ly`m, 1998. – 64 b. [in Kaz.]
- [6] Zhusipbek Aimauy`tov. Kynekeidin zhazy`gy (Guilt of Kunekey). – Almaty: «El-shezhire». – 2013. – Т. 3: – 384 b. [in Kaz.]
- [7] Gabit Musirepov. Oiangan olke (The awakened land). – Almaty, 1953. – 502 b. [in Kaz.]
- [8] Sabit Mukanov. Baluan Sholak shy`garmalary (Works of Baluan Sholak). – Almaty: «Rux BG» baspasy, 2014. – 320 b. [in Kaz.]
- [9] Efimov A.I. Stilistika xudozhestvennoj rechi (Stylistics of artistic speech). – Ufa:Uch.Zap.BGU, 1961. – №9. – 252 s. [in Rus.]
- [10] Gvozdev A.N. Ocherki po stilistike russkogo yazy`ka (Essays on the stylistics of the Russian language). – Moskva: Progress, 1965. – 20 s. [in Rus.]
- [11] Shanskij N.M. Frazeologiya sovromennogo russkogo yazy`ka (Phraseology of the modern Russian language). – Moskva: Nauka, 1985. – 24 s. [in Rus.]
- [12] Smagulova G. Magy`nalas frazeologizmderdin ultty`k madeni aspektileri (National cultural aspects of semantic phraseology). – Almaty: Atamura, 1998. – 194 b. [in Kaz.]
- [13] Sy`zdy`k R. Abaj zhane kazak ultty`k adebi tili (Abai and the Kazakh national literary language). – Almaty: Ary`s, 2004. – 616 b. [in Kaz.]
- [14] Satenova S.K. Kazak tilindegi kos tagandy` frazeologizmderdin tildik zhane poe`tikaly`k tabigaty (Linguistic and poetic nature of double-tag idioms in the Kazakh language): filol.gy`l.dokt...dis. – Almaty: KazUPU, 2022. – 54 b. [in Kaz.]

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД: ЭКСПРЕССИВНО-СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*Қоянбекова С.Б.¹, Сатинбекова М.М.², Кубдашева К.Б.³, Нұрмұхаметова Қ.Т.⁴

¹доктор филологических наук, ассоциированный профессор, КазНИТУ
им. К.И. Сатпаева, Алматы, Қазақстан

e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0002-1131-8503>

² PhD, старший преподаватель, КазНИТУ им. К.И. Сатпаева, Алматы,
Қазақстан

e-mail: m.satinbekova@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>

³кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
АУЭС имени Г. Даукеева, Алматы, Қазақстан

e-mail: karget2017@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2310-6217>

⁴кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, КазНИТУ
им. К.И. Сатпаева, Алматы, Қазақстан

e-mail: k.nurmukhametova@satbayev.university, <https://orcid.org/0009-0003-2531-5009>

Аннотация. Укрепление и развитие национального духа, духовных ценностей несмотря на то, что они широко рассматриваются как важный вопрос в исследованиях ученых, все же требуют глубокого изучения. Ведь в диалоге стыка цивилизаций актуален тот факт, что фразеологизмы, включающие в себя исключительно специфические для каждой нации черты, качества, понятие национальной культуры в целом, сочетаются с национальным кодом и образуют парадигмы, соединяющие преемственность поколений. В качестве объекта исследования статьи руководствовались суждениями ученых в определении основ и механизмов экспрессивной стилистики фразеологизмов казахского

языка, адаптированных к национальному коду. Предметом исследования является анализ национально-культурных аспектов фразеологических единиц в преемственности языковых парадигм, ментального поля, актуальных особенностей гендерной природы языка. Данные задачи интегрированы и сформулированы с изучением логико-философских, психолингвистических, лингвостилистических проблем экспрессивной стилистики в национальном языке, функциональной стилистики и бинарных единиц экспрессивной стилистики. Экспрессивность парадигмы были переплетены с концептуальным понятием, выражающим национальную психологию, систему поведения, ценностей посредством языка. Была обоснована и аргументирована примерами дихотомическая связь функциональных и экспрессивных аспектов в соответствии с коммуникативными требованиями языка. Определены соотношения между устной речью экспрессивности и сравнительным характером книжной письменности. Проанализировано их влияние на формирование стилистической нормы и функциональной системы языка. Изучены национальные познавательные аспекты экспрессивных парадигм фразеологизмов, через их передовые образцы на казахском языке выявлено влияние экспрессивной стилистики на культуру речи. На основе исследования были использованы лингвистические данные и научные выводы диахронно-историко-сравнительные, синхронно-сопоставительные, описательные, систематизирующие и другие методы.

Ключевые слова: национальный код, фразеологизмы, экспрессивная стилистика, парадигма, духовные ценности, эмоции, оценка, изображение, словесные выражения

NATIONAL CODE: EXPRESSIVE-STYLISTIC PARADIGMS OF PHRASEOLOGICAL UNITS OF THE KAZAKH LANGUAGE

*Koyanbekova S.B.¹, Satinbekova M.M.², Kubdasheva K.B.³, Nurmukhametova K.T.⁴

^{*1}Doctor of Philological Sciences, Associate Professor, KazNRTU named after K. I. Satpayev, Almaty, Kazakhstan e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0002-1131-8503>

²PhD, Senior Lecturer, KazNRTU named after K. I. Satpayev, Almaty, Kazakhstan
e-mail: m.satinbekova@satbayev.university, <https://orcid.org/0000-0001-8636-3942>

³Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Almaty University of Energy and Communications named after G. Daukeev, Almaty, Kazakhstan
e-mail: karget2017@yandex.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2310-6217>

⁴Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, KazNRTU named after K. I. Satpayev, Almaty, Kazakhstan
e-mail: k.nurmukhametova@satbayev.university, <https://orcid.org/0009-0003-2531-5009>

Abstract. The strengthening and development of the national spirit and spiritual values, despite the fact that they are widely considered as an important issue in the research of scientists, still require in-depth study. Indeed, in the dialogue at the junction of civilizations, the fact is relevant that phraseological units, which include exclusively features, qualities specific to each nation, and the concept of national culture as a whole, are combined with the national code and form paradigms that connect the continuity of generations. As an object of study, the articles were guided by the judgments of scientists in determining the foundations and mechanisms of the expressive stylistics of phraseological units of the Kazakh language, adapted to the national code. The subject of the study is the analysis of national and cultural aspects of phraseological units in

the continuity of language paradigms, the mental field, and current features of the gender nature of language. These tasks are integrated and formulated with the study of logical-philosophical, psycholinguistic, linguistic-stylistic problems of expressive stylistics in the national language, functional stylistics and binary units of expressive stylistics. The expressiveness of the paradigm was intertwined with a conceptual concept expressing national psychology, a system of behavior, and values through language. The dichotomous connection between functional and expressive aspects was substantiated and argued with examples in accordance with the communicative requirements of the language. The relationships between oral speech expressiveness and the comparative nature of book writing are determined. Their influence on the formation of the stylistic norm and functional system of the language is analyzed. The national cognitive aspects of expressive paradigms of phraseological units have been studied, and through their advanced examples in the Kazakh language, the influence of expressive stylistics on the culture of speech has been revealed. Based on the research, linguistic data and scientific conclusions, diachronic-historical-comparative, synchronic-comparative, descriptive, systematizing and other methods were used.

Keywords: national code, phraseological units, expressive stylistics, paradigm, spiritual values, emotions, assessment, image, verbal expressions

Статья поступила 22.06.2024